

**БЖЗҚ үш күнде төлемдерді жүзеге асыру үшін жалпы сомасы
151 млрд теңгеге жуық 27 240 өтінімді өңдеуге қабылдады**

2021 жылғы 27 қаңтарда «БЖЗҚ» АҚ-ға «Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ уәкілетті операторынан жалпы сомасы **156,2 млрд теңгеге 9 566 өтінім түсті**. Келіп түскен өтінімдердің барлығын БЖЗҚ күнбе-күн қарайды.

Жалпы сомасы 38,6 млрд теңгеден асатын **6 988 (73%)** өтінім өңдеуге қабылданды. Бұл сома «БЖЗҚ» АҚ-ға өтінімдер келіп түскен күннен бастап **5 жұмыс күні** ішінде «Отбасы банкі» АҚ-дағы салымшылардың арнайы шоттарына аударылатын болады. Аударымның орташа сомасы **5,5 млн теңге**.

БЖЗҚ заңнама талаптарына сәйкес келмейтін **2 578 өтінімді (27%)** қабылдамады.

Өтінімдерді қабылдамаудың негізгі себептері: өтініш берушінің алуға қолжетімді зейнетақы жинағы жоқ (қабылданбаған өтінімдердің 42%-ы), сұралып отырған сома зейнетақы жинақтарының алуға болатын сомасынан асып түседі (38,2%), бұрын берілген өтінім бойынша қайта берілген сұраныстар (19,4%), өтініш берушінің БЖЗҚ-да зейнетақы жинағы мүлде жоқ (0,4%).

БЖЗҚ-ға уәкілетті оператордан 25-27 қаңтарда келіп түскен өтінімдер қаралған үш жұмыс күнінің қорытындысы бойынша барлық өтінімдер сол күні-ақ кідіріссіз қаралды. Кейіннен төлемдерді жүзеге асыру үшін **жалпы сомасы 151 млрд теңгеге жуық 27 240 өтінім** бойынша жұмыс жүргізілуде. Өтінімнің орташа сомасы **шамамен 5,5 млн теңгені** құрайды.

Естеріңізге саламыз, зейнетақы жинақтары туралы ақпарат «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңының талаптарына сәйкес зейнетақы жинақтарының құпиясын қамтамасыз ету мақсатында **салымшының өзіне ғана** беріледі.

Қолжетімді сома туралы ақпаратты enpf.kz сайтындағы жеке кабинеттен немесе Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының мобильдік қосымшасы арқылы уәкілетті операторға **біржолғы зейнетақы төлемдерін алуға тікелей өтінім берер алдында** мұқият тексеруге кеңес береміз. Салымшының БЖЗҚ-да жеткіліктілік шегінен асатын сомасы болған жағдайда, оны пайдалануға өтінім **шексіз рет** берілуі мүмкін. Егер қандай да бір себеппен (толтыру кезіндегі қателер, дұрыс көрсетілмеген сомалар, төлеуге қолжетімді соманың өзгеруі және т. б.) салымшыға біржолғы зейнетақы төлемін алуға арналған өтінімді қанағаттандырудан бас тартылса, онда бас тарту себебін жойып, уәкілетті операторға қайтадан өтінім беруге болады. Егер салымшы өз жинақтарын әртүрлі мақсаттарға пайдаланғысы келсе, онда алуға болатын сома шегінде осы мақсаттарға жеке өтінімдер беруге болады.

Өтінім беруге және зейнетақы жинақтарын тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу үшін нысаналы пайдалану шарттарына байланысты барлық мәселелерді **уәкілетті оператор «бір терезе» қағидаты бойынша қарайды және БЖЗҚ-ға жеке өтініш беру талап етілмейді**.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).